

**Ұлытау аудандық мәслихатының 2016 жылғы 12 қазандағы № 49 "Ұлытау ауданы бойынша әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Ұлытау аудандық мәслихатының 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 348 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 15 қаңтарда № 5680 болып тіркелді. Күші жойылды - Ұлытау облысы Ұлытау аудандық мәслихатының 2024 жылғы 5 наурыздағы № 109 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ұлытау облысы Ұлытау аудандық мәслихатының 05.03.2024 № 109 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Ұлытау ауданының мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Ұлытау аудандық мәслихатының 2016 жылғы 12 қазандағы № 49 "Ұлытау ауданы бойынша әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4014 болып тіркелген, 2016 жылғы 29 қазандағы № 44-45 (6068) "Ұлытау өңірі" газетінде, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылдың 04 қарашасында жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген, Ұлытау ауданы бойынша әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларының 9 тармағы 3-1) тармақшасымен келесі редакцияда толықтырылсын:

"3-1) амбулаториялық емделу кезінде әлеуметтік маңызы (онкологиялық аурумен ауыратындар, иммун тапшылығы вирусы ауруымен ауыратындар) бар аурулардың болуы.";

15 тармағының 2) тармақшасы және 2, 3 қосымшалары алынып тасталсын.

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК